

Айтенова Эльмира Абдиалиевнаның «Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру» тақырыбында 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазған диссертациялық зерттеуіне рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы

Қоғамның жаһандану үрдісі мен оның цифрлық өзгерістеріне сәйкес қарқынды дамуы және рухани жанғыруы жағдайында заманауи қағидаттарды жүзеге асыруға білікті мамандардың қажеттілігі артын отыр. Осы тұста Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында педагогтың адам капиталын қалыптастыруға ықпалының басымдығы, білім беру жүйесіндегі мәселелерді шешудегі маңыздылығы көрсетіліп, оларды кәсіби даярлау мазмұнының сапасын жаксарту мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін әлемдік озық үрдістер мәннәтінінде модернизациялау міндеттелген. Сондай-ақ, болашақ педагогтың бәсекеге қабілетті болуы, кәсіби құзыретті, практикалық тәжірибеге бейім, өзінің болашақтағы кәсіби іс-әрекетіне қызыгуышылық танытатын, кәсіби іскерліктері мен дағдылары қалыптасқан, білімді де білікті маман болуы талап етеді. Сондықтан, болашақ мамандардың жоғары білім алу барысында кәсіби іс-әрекетіне практикалық бағдарлы даярлануын, оның практикалық дайындығын қалыптастыру қажеттілігін арттырады.

Осы орайда педагогикалық білім беруде теориялық даярлығы мен практикалық даярлығы оқу орнында және өндірісте, ягни бала бақшаларда, мектептер мен колледждерде катар жүруді жүзеге асыратын дуальді-бағдарлық оқыту өзекті болып табылады. Э.А.Айтенованың жоғары педагогикалық білім берудің оқу-тәрбие үдерісіне дуальді оқытудың элементтерін ендіре отырып болашақ мұғалімдерді мектеп, колледж, жоғары оқу орнының өзара әрекеттестігі негізінде кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың мәселелерді зерттеу қажеттілігі диссертациялық жұмысының өзектілігіне күмән келтірмейді.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен корытындыларын негіздеу және шынайылық дәрежесі

Диссидент зерттеу мәселесін шешу мақсатында алдына койған төрт зерттеу міндеттін орындау барысында ғылыми нәтижеге қол жеткізген:

- 1) дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтаған;

- 2) дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығының компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін күрастырган, яғни аталған даярлықтың теориялық моделін жасаған;
- 3) дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығы қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын жүйелеген;
- 4) дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру үдерісінің күрылымдық-функционалдық моделін жасаған және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент барысында тексерген.

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы автордың дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың мәнін талдауы және нақтылауымен қамтамасыз етіледі. Сондай-ак, «дуальді-бағдарлық оқыту», «болашак педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығы» ұғымдары қарастырылған шетелдік және республикалық ғылыми әдебиеттерді талдалап қана коймай, ондагы ойларды өз пікірімен нақтылай түсүі мен түйінді ұғымдарға өзінің анықтамаларын беруі де алынған бірінші нәтиженің негізділігін дәлелдейді.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденушінің болашақ педагогтың дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында кәсіби іс-әрекетке даярлығының теориялық моделін жасаумен және осы модельде аталған даярлықтың компоненттерін (мотивациялық-құндылықтық, инновациялық-танымдық, процессуалдық-нәтижелік), өлшемдерін (эмоционалдық-еріктік, интеллектуалдық-креативтілік, коммуникативтік-бағалаушылық) көрсеткіштері мен денгейлерін (пассивтік, белсененділік, жасампаздық) құрастырумен қамтамасыздандырылады.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы автордың «психологиялық-педагогикалық шарттар» ұғымы зерттелген психологиялық-педагогикалық еңбектерге жасаған талдауымен, классикалық педагогикалық әдебиеттерді басшылыққа алуымен қамтамасыз етіледі. Сондай-ак дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтап, олардың әрбірін ғылыми тұрғыда негіздеуімен дәлелденеді.

Төртіншиі ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы диссиденттың дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың күрылымдық-функционалдық моделін жасауда және оның мазмұнын ашып көрсетуде отандық және шетелдік психологиялық-педагогикалық зерттеулерге жасаған талдауымен, сондай-ак, аталған даярлықты *психологиялық* (Психотехнологиялық бағдарлама); *теориялық* (Дуальді білім берудің негіздері) электривті курс бағдарламасы; «Дуальді бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекет» практикумы), *практикалық* («Мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігінің тетігі; Педагогикалық практика көлеміне және мазмұнына қосымшалар және т.б.)

камтамасыздандыратын іс-шаралардың практикаға ендірілуімен камтамасыз етіледі.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) қорытындысының жаңалық нәтижесі

Бірінші алынған ғылыми нәтиженің жаңалығы ізденуші шет елдік (A.Schelten, H.Schmidt, A.Rakhkochkine, О.Д.Федотова, А.К.Корнев, С.П.Романов) және отандық (.А.Жолдасбекова, К.Ж.Бұзаубакова, Ұ.М.Әбдіғапбарова, Ж.О.Нұржанбаева) ғалымдардың дуальділік, дуальді форма, дуальді оқыту, дуальді білім беру мәселесіне арналған еңбектерін талдау негізінде болашақ педагогтың кәсіби даярлығындағы дуальді-багдарлық оқыту – жоғары педагогикалық білім беруге дуальді оқыту жүйесінің элементтерін ендіруге негізделген теориялық және практикалық қажеттілік қагидаларын іске асырудагы мектептің, колледждің және ЖОО-ның нәтижелі өзараәрекеттестігінде болашақ педагогтың практикалық даярлығын жетілдірудегі инновациялық траектория, деп өзінің анықтамасын ұсынады (1-бөлім, 1.1). Сондай-ақ, дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруда негізге алатын әдіснамалық тұғырларды жүйелік, синергетикалық, біртұмбықтық, іс-әрекеттік, практика-багдарлық, құзыреттілік тұрғырлар тұрғысынан айқындауға болады (1-бөлім, 1.2).

Ә.Айтенова диссертацияның негізгі кілтті ұғымдары болып табылатын, «педагогикалық іс-әрекет», «кәсіби іс-әрекет» түсініктеріне талдау беру негізінде педагогикалық іс-әрекеттің ғылымда мұғалімнің лауазымдық міндеттінен және атқаратын қызметтінен (оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеушилік, әлеуметтік-коммуникативтік) туындастырынын негіздейді. Автор бұған қосымша педагогикалық іс-әрекеттің құрылымы мен функционалдық құрамдас бөліктерін талдай отырып, **болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекеті** ұғымын «оның педагогикалық үдерісте субъект-субъекттілік өзара әрекеттесуінде оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеу, әлеуметтік-коммуникативтік қызметтерін атқарудагы әрекеттер жиынтығы», деп нақтылады (1-бөлім, 1.3).

Докторанттың екінші қол жеткізген нәтижесі – жаңа. Өйткені ол болашақ педагогтың дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында кәсіби іс-әрекетке даярлығының теориялық моделін жасаған. Осы модельде аталған даярлықтың компоненттерін (мотивациялық-құндылықтық, инновациялық-танымдық, процессуалдық-нәтижелік), өшлиемдері (эмоционалдық-еріктік, интеллектуалдық-креативтілік, коммуникативтік-багалаушылық) мен көрсеткіштерін, деңгейлерін (пассивтік, белсенділік, жасампаздық) белгілейді. Одан әрі докторант алдымен даярлық ұғымын анықтайды. Ә.Айтенова кәсіби іс-әрекетке даярлық ұғымын зерттеу мәселесі тұрғысынан тұлғаның қажетті деңгейде дамыған **кәсіби-тұлғалық сапасы** деп карастырады. Демек, диссидент болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығын сипаттайтын кәсіби-тұлғалық сапаларын айқындаған. Оларды

эмоционалдық-еріктік, интеллектуалдық-креативтілік, коммуникативтік-бағалаушылық, деп үш топқа жіктейді. **Эмоционалдық-еріктік** сапаларға кәсіпке бағыттылық, еңбеккорлық, жауапкершілік, шыдамдылық, өзіне сенімділікті, **интеллектуалдық-креативтілікке** кәсіби білімділік, жаңашылдық, зерттеушілік, креативтілік, эрудицияны, **коммуникативтік-бағалаушылыққа** басқарушылық, ұйымдастырушылық, толеранттылық, эмпатия, рефлексияны жатқызады. Бұл оның жаңалығының жаңа екендігін дәлелдей түседі (2-бөлім, 2.1).

Диссертанттың ушинші жаңалығының растылышын екендігін дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашак педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын толықтыра отырып айқындалуы дәлелдейді. Ол осы **психологиялық-педагогикалық шарттарды** үш топқа топтастырып анықтаған: 1) дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашак педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын **психологиялық** қамтамасыздандыратын психотехнологиялық бағдарлама кешенін əзірлеу және оны оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалану; 2) **теориялық** қамтамасыздандыратын «Дуальді білім берудің негіздері» элективті курсын, «Дуальді бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекет» практикумын оқыту үдерісіне ендіру; 3) **практикалық қамтамасыздандыратын** «мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігінің тетігін, педагогикалық практика қолеміне және мазмұнына қосымшалар жасау және оны жүзеге асыру. Аталған психологиялық-педагогикалық шарттарға тиісті талдау беріледі (2-бөлім, 2.2). Бұл да Э.А.Айтенованың диссертациялық зерттеуінің теориялық деңгейінің жоғарылығын айғақтайды.

Төртінші алынған гылыми нағтижениң жаңалығы автор дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашак педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделінен көрініс тапқан. Модельдің барлық элементтері өзара байланысты, бірізділік пен сабактастықты қамтиды (2-бөлім, 2.3). Аталған модельді тиімді жүзеге асыру бейімділік, білімділік және біліктілік кезеңдерінен тұратыны кисынды жасалған. Бұл да докторанттың диссертациялық зерттеуінің практикалық деңгейінің жоғарылығын көрсетеді.

Сондай-ақ, Э.Айтенованың зерттеуінің практикалық құндылығы, маңыздылығы «мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігінің» тетігіне сәйкес кешенді іс-шараларды жүзеге асыруы табылады: *Біріншіден*, «мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігі бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ педагогика және психология институты мен №1 Алматы мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі мен №108 жалпы білім беретін мектен арасында келісімшарт жасаған және модельдің тиімділігін аталған базаларда тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын жүргізіп, он нәтижесін алған (3-болім, 3.1; 3.3.). *Екіншіден*, атальмыш ұйымдардың өзара әрекеттестік бағыттарын анықтаған: ұйымдастырушылық-басқару, оқу-әдістемелік, гылыми-зерттеу, кәсіби бағдарлық. *Үшіншіден*, «мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігінің іс-шаралар жоспарын құрастырған. Сондай-ақ, педагогикалық практиканың

мазмұнына косымшалар, Ментор туралы ереже жасап, ұсынған.

Төртіншіден, мектеп базасында: педагогикалық сынып құрылған, ментор тағайындаған, студенттің траекториясын анықтаған, аптасына бір күндік практика, таңдау пәні бойынша, сауықтыру лагеріндегі жазғы практика, мектепте Ашық есік күнін, бірлестіктік жобалар ұйымдастырылған. *Колледж базасында:* педагогикалық шеберхана құрган, ментор тағайындаған, бірлескен курстық, дипломдық жұмыстары мен жобалар дайындаған; *ЖОО базасында:* психотехнологиялық бағдарлама, элективті курстар мен практикум жүргізген; мектеп-колледж-жоо өзара әрекеттестігінде ғылыми-практикалық іс-шаралар орындаған. *Бесіншіден,* аталған іс-шаралардың тиімділігін айқындастын қорытынды жоба, педагогикалық практика конференциясын, коллоквиум откізген (3-болім, 3.2.). Бұл ретте автордың зерттелетін тақырыптың теориясы мен әдістемесінің біртұтастықта беруін атап өтуге болады.

4.Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы

Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген осы ғылыми нәтижелері өзара *iishki bіrlіkpen*, әрбір бөлімдердің дара және идеялық байланыстылығымен, әр бөлім бойынша берілген ой-тұжырымымен, жұмыс корытындысымен және автордың педагогика ғылымына енгізген жаңалығымен сипатталады. Өйткені осы диссертациялық зерттеуде педагогика және психология мамандығы саласының бүтінгі таңдағы көкейкесті проблемасы онтайлы шешімін тауып отыр. Еңбектің нәтижесін педагогика теориясында да, практикасында да нәтижелі пайдалануға болады.

5.Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Диссертацияның негізгі қағидалары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы 18 (он сегіз) шетелдік және отандық ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерде жарық көріп, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалған. Соның ішінде 8 мақала ҚР БжФМ Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 Scopus базасына енген басылымда (квартиль-3, процентиль-47), 7 халықаралық ғылыми конференциялар жинактарында, оның ішінде 4 алыс-жакын шетелдік халықаралық ғылыми конференцияда, 1 оқу-әдістемелік күралда жарияланды.

6. Диссертация мазмұнында және рәсімделуінде кездесетін кемшіліктер:

Диссертация мазмұнына, рәсімделуіне байланысты мынадай ескертпелер айтқымыз келеді:

1. Дауальді-бағдарлық оқыту мәселелерінің шетелдік және отандық әдебиеттерде зерделенуін талдағанда Германия, Ресей және Қазақстан

мемлекеттерінің осы саладағы тәжірибесін салыстыру параметрлері арқылы талдау керек еді.

2. Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын практикалық қамтамасыздандыратын «мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігінің тетігін, педагогикалық практика көлеміне, мазмұнына қосымшалар жасауы мен жүзеге асырылуы ұтымды шыққан. Алайда зерттеу жұмысында аталмыш тетіктерін тәжіреbe мазмұнының ғылыми негізdemесі нақтырақ берілу керек еді.

3. Диссертацияда ұсынылған сыйбалық суреттер дидактикалық көрсетілімдерге қойылатын талаптарға толық сай берілгенде диссертацияның рәсімделуінің деңгейін жақсарты түсер еді.

Көрсетілген ескерпелердің шешімі диссертацияда біршама сипатталғандықтан, ғылыми талапқа сай жазылған бұл еңбектің теориялық және практикалық маңыздылығын төмендетпейді.

Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі

Сонымен Айтенова Эльмира Абдикалиевнаның «Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын калыптастыру» тақырыбында дайындалған диссертациясын дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, шынайылығы мен негізділігі жоғары деңгейді көрсеткен, орындалуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сай келетін, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторына 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Рецензент,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Философия және саясаттану факультетінің
педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасының профессоры,
педагогика ғылымдарың докторы



Таубаева Ш.Т.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің кадрларды даярлау және оқытушылардың квалификацияның басшысы

САБЕРЯЮ

Начальник Университета подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Р.Е. Кусаббергенов

«_____» 20 ж.т.

